

2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, «Рахат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Рахат» АҚ) акционерлерінің жылдық жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша материал

«ЖИНАЛЫС КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ»

Бекітуге ұсынылып отырған «Рахат» АҚ күн тәртібі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, «Рахат» АҚ корпоративтік сайтында www.rakhat.kz және 2021 жылғы 15 наурызда «EGEMEN QAZAQSTAN» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1 Жиналыстың күн тәртібін бекіту туралы;**
- 2 Жылдық жалпы жиналыстың есеп комиссиясының құрамы туралы;**
- 3 «Рахат» АҚ атауының өзгеруі туралы;**
- 4 Жарғыны жаңа редакцияда (мазмұнда) бекіту туралы;**
- 5 2020 жылға арналған «Рахат» АҚ-тың аудиттен өткен топтастырылған қаржылық есебін бекіту туралы;**
- 6 «Рахат» АҚ 2020 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау. «Рахат» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы;**
- 7 «Рахат» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Кванг Хён Пэктың (BAEK KWANGHYEON) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;**
- 8 «Рахат» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы;**
- 9 «Рахат» АҚ мен оның қызметтік тұлғаларының әрекеттері бойынша акционерлердің өтініштері және оларды 2020 жылы қарау қорытындылары туралы.**

**2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің жалпы жиналысының отырысын
өткізбей, «Рахат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Рахат» АҚ)
акционерлерінің жылдық жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің
екінші мәселесі бойынша материал**

**ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫҢ
ЕСЕП КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ**

Есеп комиссиясының төрайымы: - Светлана Геннадьевна Рябченко;

Есеп комиссиясының мүшелері: - Алтынай Халыковна Омарова;
- Далиман Сериковна Кисикова;
- Жанат Ултанұлы Булегенов;
- Анастасия Константиновна
Калтурумиди.

кіретін есеп комиссиясының қазіргі дербес құрамы «Рахат» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі бойынша 2020 ж. 28 мамырда құрылды.

-

Есеп комиссиясының мүшесі Далиман Серикбаевна Кисикова жұмыстан шығуына байланысты оның қазіргі есеп комиссиясының құрамындағы өкілеттігі тоқтатылсын және Ксения Сергеевна Федорова есеп комиссиясының мүшесі болып сайлансын және есеп комиссиясының құрамы бекітілсін:

Есеп комиссиясының төрайымы: - Светлана Геннадьевна Рябченко;

Есеп комиссиясының мүшелері: - Ксения Сергеевна Федорова;
- Алтынай Халыковна Омарова;
- Жанат Ултанұлы Булегенов;
- Анастасия Константиновна
Калтурумиди.

**2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің жалпы жиналысының отырысын
өткізбей, «Рахат» акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық
жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша
материал**

««РАХАТ» АҚ АТАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ»

«Рахат» АҚ атқарушы органы мен Директорлар кеңесі «**«Рахат» акционерлік қоғамы атауын «Лотте Рахат» акционерлік қоғамы атауына»** өзгерту туралы мәселені алдын ала мақұлдады.

Әлемге әйгілі «LOTTE CONFECTIONERY CO., LTD.» компаниясы «Рахат» АҚ-ның ірі акционері болып саналады.

«**LOTTE CONFECTIONERY**» компаниясы өз өнімдерін 70-тен астам елге экспорттайды. Компания өндірілетін өнімнің жоғары деңгейдегі сапасын сақтай отырып, өнім түрлерін кеңейтуді жалғастыруда. Компанияның бүкіл әлем бойынша 23 зауыты бар, сағыз, шоколад, печенье, кәмпит, балмұздақ және басқа да өнімдерді қоса алғанда, тауардың 300-ден астам түрін өндіреді. Бүгінгі таңда «**LOTTE CONFECTIONERY**» бүкіл әлемде кондитерлік өнімдерді тұтынушылар арасында ең үздік болып саналады. Соған байланысты «**LOTTE**» бренді «Рахат» АҚ-ның одан әрі дамуына оң ықпал ететінін байқаймыз. Бұдан «Рахат» АҚ ауқымы арта түседі. «Рахат» АҚ бренд ретінде әйгілі екенін ескерсек, «**Лотте Рахат**» жаңа атауы арқылы қос компанияның танымалдығы шартарапқа тарайтыны сөзсіз.

Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі. «Рахат» АҚ Жарғысы Қоғамның құрылтай құжаты болып саналады. Егер заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда, ол мемлекеттік қайта тіркелуге жатады. Көрсетілген негіздер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер заңды тұлға қайта тіркелмейінше жарамсыз болып есептеледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағына сәйкес Қоғам Жарғысына өзгерістер енгізу акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде ««Рахат» акционерлік қоғамының атауын «Лотте Рахат» акционерлік қоғамы (АО «Лотте Рахат», «Lotte Rakhat» JSC, «Лотте Рахат» АҚ) етіп өзгерту туралы мәселе акционерлердің қарауына ұсынылады.

2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, «Рахат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Рахат» АҚ) акционерлерінің жылдық жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша материал

«Жаңа мазмұндағы «Рахат» АҚ-ның Жарғысын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36 бабының 1-тармағының 1-тармақшасына және «Рахат» АҚ Жарғысына сәйкес Қоғамның Жарғысына өзгерістер енгізу және Жарғының жаңа мазмұнын бекіту Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Осы нормаларға сәйкес Директорлар кеңесі Акционерлердің жылдық жиналысының қарауына төмендегі өзгерістерді енгізеді:

1. «Рахат» акционерлік қоғамы атауының «Лотте Рахат» акционерлік қоғамы болып өзгеруі;
2. Тіркеушіні құнды қағаздардың орталық депозитарийіне ауыстыру;
3. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская Правда» басылымдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім ішінде ақпарат жариялау арқылы жүзеге асырылады, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде, «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында орыс тілінде және өз қалауы бойынша Қоғамның WEB сайтында, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде жариялануы тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде акционерлерге жаңа мазмұнмен берілген Қоғамның Жарғысын бекіту ұсынылады.

**2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің
жалпы жиналысының отырысын өткізбей,
«Рахат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Рахат» АҚ)
акционерлерінің жылдық жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің
алтынша мәселесі бойынша материал**

«Рахат» АҚ 2020 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «Рахат» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның есептік жылдағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері анықталады.

«Рахат» АҚ-тың аудит тексерісінен өткен топтастырылған қаржылық есебіне сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс 8,1 млрд.теңге көлемінде болды, бұл өткен жылдың деңгейінен жоғары (2019 жылдың қорытындысы бойынша 7,9 млрд. теңге болған). Негізгі қаржылық көрсеткіштер компанияның қаржылық жағдайының тұрақтылығын және бизнесті жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілгенін растайды. «Рахат» АҚ кондитерлік өнімдер нарығындағы позициясын нығайтуға мүмкіндік беретін, ішкі нарықпен қоса сыртқы нарықта да сату көлемін арттыру, сатуды ұлғайту арқылы өткізу нарығын жетілдіру үшін өндірісті кеңейту және жаңғырту стратегиясын ұстанады.

Есеп беру жылындағы қол жеткен табыс көрсеткіштерін ескере отырып, «Рахат» АҚ-тың Директорлар кеңесі:

1. «Рахат» АҚ 2020 жылғы таза табысын мына тәртіп бойынша бөлуді ұсынады:

- 6.058.800.000 (алты миллиард елу сегіз миллион сегіз жүз мың) теңге 00 тиын көлеміндегі таза табыстың бір бөлігі «Рахат» АҚ жай акциялары бойынша дивиденд төлеуге жұмсалсын;
- дивиденд мөлшері 1 (бір) жай акцияға шаққанда 1 683 теңге (бір мың алты жүз сексен үш) теңге 00 тиын мөлшерінде белгіленсін;
- дивиденд төленгеннен кейін, "Рахат" АҚ қалған таза табысы бөлінбесін және ол Қоғамның бөлінбейтін табысы шотында қалдырылсын.

2. Дивиденд төлеудің мына тәртібі мен нысаны белгіленсін:

- дивиденд төлеу басталатын күн - 2021 ж. 17 мамыр;
- дивиденд төлеу мерзімі белгіленбесін;
- дивиденд алуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн – 2021 ж. 29 сәуір;
- дивиденд Қоғамның мекенжайы бойынша қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз төленеді;
- дивиденд төлеуге төлем агенті қатыспайды.

**2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің
жалпы жиналысының отырысын өткізбей
«Рахат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Рахат» АҚ) акционерлерінің жылдық
жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша материал**

«Рахат» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Кванг Хён Пэктың (BAEK KWANGHYEON) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Қазіргі кезде «Рахат» АҚ Директорлар кеңесі мына құраммен жұмыс істейді:

1. Чой Менрим (CHOI MYEONGRIM)
2. Константин Викторович Федорев
3. Пэк Кванг Хён (Baek KWANGHYEON)
4. Сергей Александрович Терещенко (тәуелсіз директор)
5. Бэ Джонг Хан (Baе Junghan) тәуелсіз директор.

«Рахат» АҚ-ға Директорлар кеңесінің мүшесі Пэк Кванг Хён (Baek KWANGHYEON) мырзадан оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарлама келіп түсті. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 55-бабының 3- тармағына және 36-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша ««Рахат» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Кванг Хён Пэктың (Baek KWANGHYEON) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» мәселені акционерлердің талқысына салады және оның өкілеттігін шешім қабылданған күннен бастап мерзімінен бұрын тоқтатуды ұсынады.

**2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің
жалпы жиналысының отырысын өткізбей, «Рахат» акционерлік қоғамы
(бұдан әрі – «Рахат» АҚ) акционерлерінің жылдық жиналысының
сырттай дауыс беру күн тәртібінің сегізінші мәселесі бойынша материал**

«Рахат» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында, Қоғамның Жарғысында және «Рахат» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде көрсетілген үміткерлерге (кандидаттарға) қойылатын талаптар негізінде үміткер (кандидат) туралы мынадай ақпарат беріледі:

«Рахат» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер (кандидат) туралы ақпарат

1. Аты-жөні: Хванг Сонг Ук (HWANG SUNG-WOOK)

2. Туған күні: 1970 ж. 25 шілде.

3. Білімі туралы мәліметтер:

- Жоғары білім.

4. Үміткерді (кандидатты) ұсынушы: LOTTE CONFECTIONERY CO., LTD.

5. Үміткерге (кандидатқа) тиесілі қоғам акциялары: жоқ.

6. Қоғамның аффилиирленген тұлғасы ретіндегі мәлімет:
аффилиирленбеген.

7. Соңғы жылдардағы жұмыс орындары және атқаратын қызметтері туралы мәліметтер:

- 2010ж. 01 маусымнан бүгінгі күнге дейін («LOTTE CONFECTIONERY CO. LTD» компаниясының басқарушы директоры).

8. Үміткердің (кандидаттың) психикалық жағдайы туралы медициналық мекеме берген анықтама: есепте тұрмайды.

9. Сотталмағаны туралы уәкілетті орган берген анықтама: сотталмаған.

10. Үміткердің (кандидаттың) Қоғаммен бәсекелес және оның қызметіне ұқсас қызмет түрімен айналысатын басқа кәсіпорында жұмыс істемейтіні туралы өтініші: Қоғаммен бәсекелес, қызметі ұқсас кәсіпорындарда жұмыс істемеген.

11. Кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат: біліктілік деңгейі жоғары; өнеркәсіп, сату, өндірісті ұйымдастыру және менеджмент салаларын үздік білетін, өте білімді маман.

**2021 жылғы 29 сәуірдегі акционерлердің
жалпы жиналысының отырысын өткізбей,
«Рахат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Рахат» АҚ)
акционерлерінің жылдық жиналысының сырттай дауыс беру күн тәртібінің
тоғызыншы мәселесі бойынша материал**

**«Рахат» АҚ мен оның қызметтік тұлғаларының әрекеттері
бойынша акционерлердің өтініштері және оларды
2020 жылы қарау қорытындылары туралы**

«Рахат» АҚ акционерлерінен 2020 жылы 10 сұрау түсті.

Акционерлердің сұрауларына қатысты мәселелер:

- Қоғам қызметі туралы ақпарат алу;
- Есептелген және төленген дивидендтер туралы ақпарат алу;
- «Құнды қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ тізіліміндегі мәліметтерді өзектендіру үшін бастапқы деректерді растау;

Акционерлердің барлық өтініштері қаралып, оларға заңнамада белгіленген мерзімде және сонда көрсетілген тәртіппен жауап берілді.

Осыған орай «Рахат» АҚ акционерлерінің «Рахат» АҚ мен оның қызметтік тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты өтініштері және оларды 2020 жылы қарау қорытындылары туралы ақпаратты негізге алу ұсынылды.